



**БҰЙРЫҚ**

11.03.2026 г.

Орал қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 207

город Уральск

**Батыс Қазақстан облысы оқушыларының  
XIII жазғы Гимназидасының облыстық  
кезеңін өткізу туралы**

Білім басқармасының 2026 жылғы жұмыс жоспарына сәйкес дене тәрбиесі мен спортты бұқаралық сипатта одан әрі дамыту, оқушылар арасында патриоттық тәрбиені күшейту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушыларды дене шынықтырумен және спортпен тұрақты шұғылдануға тарту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылдың 31 наурыз – 15 сәуір күндері аралығында Батыс Қазақстан облысы оқушыларының XIII жазғы Гимназидасының облыстық кезеңі өткізілсін (одан әрі – Гимназиада).

2. Гимназиаданың ережесі, шығындар сметасы, ұйымдастыру комитетінің құрамы, төрешілер тізімі бекітілсін (1, 2, 3, 4 қосымшалар).

3. Гимназиаданы өткізу жауапкершілігі облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығына (м.а. А.Мукашева) міндеттелсін.

4. Аудандық (қалалық) білім беру бөлімдері, облыстық білім беру мекемелері командалардың Гимназиадаға қатысуын қамтамасыз етсін және белгілі бір себеппен қатыспаған кезде түсініктеме берілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары С.Галиеваға жүктелсін.

Басқарма басшысы

Е.Сафуллин

«Бекітемін»  
Батыс Қазақстан облысының  
білім басқармасының  
басшысы

  
Е.Сафуллин  
2026 жыл

« »



«Келісілді»  
Батыс Қазақстан облысының  
дене шынықтыру және спорт  
басқармасының басшысы

  
Б.Сәбитов  
2026 жыл

« »



## Батыс Қазақстан облысы оқушыларының XIII жазғы Гимназиадасының облыстық кезеңінің өткізу ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы ережелер. Мақсаты

Осы ереже Батыс Қазақстан облысы оқушыларының XIII жазғы Гимназиадасының облыстық кезеңі (бұдан әрі – Гимназиада) мақсатын, міндеттерін, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

Мақсаты: дене тәрбиесі мен спортты бұқаралық сипатта одан әрі дамыту, мектеп оқушылар арасында Отансүйгіштік тәрбиесін күшейту мен салауатты өмір салтын насихаттау.

Міндеттері:

- 1) дене шынықтырумен және спортпен белсенді айналысуға оқушылардың бұқаралық тобын көптеп тарту, спорт шеберлігін арттыру;
- 2) спорт түрлері бойынша республикалық жарыстарға қатысу үшін құрама командалардың құрамына жас мықты спортшыларды іріктеу және даярлау бойынша мақсатты жұмыс жүргізу;
- 3) оқушылардың арасында ынтымақтастық пен достықты нығайту.

### 2. Гимназиаданың облыстық кезеңін өткізу басшылығы

Гимназиада дайындау мен өткізуге жалпы басшылықты Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық орталығы және Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы жүзеге асырады.

### 3. Жарыстың мандат комиссиясы

- 3.1 Жарысқа қатысуға өтініш қабылдайды;
- 3.2 Жарыс күнтізбесіне сәйкес жарыстың өткізілетін күнін анықтайды;
- 3.3 Қазылар алқасы құрамы анықталады;
- 3.4 Жарыс қатысушысының құқықтарын қадағалайды.
- 3.5. Командалар мандаттық комиссияға төмендегідей құжаттарды ұсынады:
  - 1) аудандық (қалалық) білім бөлімінің басшыларының қолы қойылған бұйрығы мен өтінім (әрбір спорт түріне) (қосымша 1);
  - 2) команда жетекшісінің, қатысушылардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
  - 3) оқу орнынан анықтама.

#### 4. Жарысқа қатысушылар

Гимназидаға аудандар мен Орал қаласының және облыстық мектептердің құрама командалары қатысады. Гимназида жарыстарына қатысуға 2009-2010 ж.т. және одан кіші (жас ерекшелігінде спорттың жеке түрлері бар) жалпы білім беру ұйымдарында оқитын, оқу жылының басынан бастап өз ұйымдарында ресми есепте тұрған ұлдар мен қыздар жіберіледі. Спорттық даярлық (разряд) әрбір спорт түрі бойынша разрядтық біліктілікке сәйкес келуі тиіс. Гимназидаға барлық кезеңдерде қатысуға медициналық тексеруден өткен оқушылар жіберіледі.

Облыстық және республикалық спорт мектеп-интернатының оқушылары, колледж студенттері жарысқа жіберілмейді.

Бір спортшы бірнеше спорт түріне қатыса алады.

Команда жетекшісі жол бойында және жарыс күндерінде оқушылардың өмірі, қауіпсіздігі және денсаулығы үшін жауап береді.

#### 5. Гимназиаданы өткізудің тәртібі мен мерзімі

№	Спорт түрі	Өтетін уақыты	Өтетін орны	Қатысушылардың жас ерешеліктері	Команда құрамы
1	Асық ату	6 – 8 сәуір	ОБЖТЖЭО	2009 – 2010 ж.т. 2011 – 2012 ж.т	3 қыз+3 ұл 3 қыз+3 ұл
2	Бес асық	6 – 8 сәуір	ОБЖТЖЭО	2009 – 2010 ж.т. 2011 – 2012 ж.т	3 қыз+3 ұл 3 қыз+3 ұл
3	Жеңіл атлетика	31 наурыз – 2 сәуір	«Жайық Арена» спорт клубы	2009 – 2010 ж.т. 2011 – 2012 ж.т.	5 қыз+5 ұл 5 қыз+5 ұл
4	Спорттық бағдарлау	8 – 10 сәуір	«Евразия» ТК	2011 – 2012 ж.т. 2013 – 2014 ж.т.	3 қыз+3 ұл 3 қыз+3 ұл
5	Шахмат	13 – 15 сәуір	«Евразия» ТК	2009 – 2010 ж.т. 2011 – 2012 ж.т. 2013 – 2014 ж.т.	2 қыз+2 ұл 2 қыз+2 ұл 2 қыз+2 ұл

#### ХІІІ жазғы Гимназиадасының облыстық кезеңінің өткізу уақыты:

Асық ату 6 – 8 сәуір («ОБЖТЖЭО»);

6 – сәуір 13.00 дейін командалардың келуі;  
16.00 мандаттық комиссия отырысы, жеребе.

7 – сәуір 09.00 жарыстың басталуы.

8 – сәуір 09.00 жарыстың жалғасы;  
15.00 жарыстың жабылу салтанаты, марапаттау;  
16.00 командалардың аттануы.

Бес асық 6 – 8 сәуір («ОБЖТЖЭО»);

6 – сәуір 13.00 дейін командалардың келуі;  
16.00 мандаттық комиссия отырысы, жеребе.

7 – сәуір 09.00 жарыстың басталуы.

8 – сәуір 09.00 жарыстың жалғасы;  
15.00 жарыстың жабылу салтанаты, марапаттау;  
16.00 командалардың аттануы.

Жеңіл атлетика 31 наурыз – 2 сәуір («Жайық Арена» СК);

31 – наурыз 13.00 дейін командалардың келуі;  
14.00 мандаттық комиссия отырысы, жеребе.  
15.00 жарыстың басталуы.

1 – сәуір 09.00 жарыстың ашылу салтанаты  
10.00 жарыстың жалғасы.

2 – сәуір 09.00 жарыстың жалғасы;  
15.00 жарыстың жабылу салтанаты, марапаттау;  
16.00 командалардың аттануы.

Спорттық бағдарлау («Евразия» ТК)

8 – сәуір 13.00–дейін командалардың келуі  
12.00–14.00 – Командалардың тіркелуі  
13.00 – 14.00 – түскі ас  
15.00–17.30 – «Спринт» қашықтығы  
18.30 – 19.00 – Жарыстың ашылу салтанаты («Евразия» ТК)  
19.00 – 20.00 – Кешкі ас  
20.00 – 21.00 – команда өкілдерінің отырысы

9 – сәуір 08.00 – 08.30 – таңғы ас  
10.00 – 13.00 – «Орта» қашықтығы  
13.00 – 14.00 – түскі ас  
19.00 – 20.00 – Кешкі ас  
20.00 – 20.30 – төрешілер алқасының отырысы  
20.00 – 21.30 – би кеші («Евразия» ТК)

10 – сәуір 08.00 – 08.30 – таңғы ас  
10.00 – 13.00 – «Эстафета» қашықтығы  
13.00 – 14.00 – түскі ас  
15.00 – 15.30 – Жарыстың жабылу салтанаты («Евразия» ТК).

Шахмат 13 – 15 сәуір («ОБЖТЖЭО»);

13 – сәуір 13.00 дейін командалардың келуі;  
16.00 мандаттық комиссия отырысы, жеребе.

14 – сәуір 09.00 жарыстың басталуы.

15 – сәуір 09.00 жарыстың жалғасы;  
15.00 жарыстың жабылу салтанаты, марапаттау;  
16.00 командалардың аттануы.

## **6. Қаржыландыру**

Бірінші кезеңнің шығындарын аудандық, (қалалық) білім бөлімдері көтереді.

Қастысушылар мен команда өкілдерінің жарысқа қатысуға кеткен шығындары (тұру, тамақтану, жол жүру) жіберуші жақтың тарапынан төленеді.

Облыстық кезеңді өткізу (*медальдар, кубок, грамоталар, баннер дайындау*) «Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасының облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығы» МКҚК – ға жүктеледі.

Спорт түрлері бойынша төрешілердің еңбекақысы Батыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жайық Арена» спорт клубының есебінен.

## **7. Өтінімдер беру реті мен мерзімі**

Әр спорт түрлерін облыстық жарысқа 5 күн қалғанда қатысу туралы өтініштер қабылданады.

Жарысқа жетекшінің жеке куәлігінің көшірмесі, қатысу туралы өтініш және қатысушының жеке куәлігі, оқу орнынан анықтама, мандаттық комиссияға жарыстың басталуына 1 күн қалғанда тапсырылады.

Жарыстарға спорттың әр түрлерінен 5 командадан кем өтінім берілген болса, командалық жарыстар өткізілмейді.

Жарысқа қатысу туралы өтінімдерді облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығына жолдайды.

## **8. Медициналық - санитарлық қамтамасыз ету**

Медициналық персоналды облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығы тарапынан қамтамасыз етіледі.

## **9. Допингке қарсы қамтамасыз ету**

9.1. Жарысқа қатысушылар Дүниежүзілік допингке қарсы қауымдастықтың (әрі қарай- ВАДА-ның) нормаларына сәйкес допингке қарсы кодекс қағидаларын сақтауы тиіс.

9.2. ВАДА-ның допингке қарсы кодексінің қағидалары бұзылса, оған ВАДА-ның допингке қарсы күрес кодексіне сәйкес (спортшы толық шеттетуге дейін) санкциялар қолданылады. Аталған кодекске сәйкес, тіпті толық шеттетуге дейін шаралар қолданылатын болады.

## **10. Марапаттау**

Спорт түрлері бойынша жүлделі орын алған командалар ойыншылардың номинациялары Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының грамоталарымен, медальдармен және кубоктарымен марапатталады.

Жеке жарыс жеңімпаздары әр бағдарлама түрінен жиналған ең жоғары ұпай саны бойынша анықталады.

Ұлдар мен қыздар арасындағы жалпы командалық есеп бөлек шығарылады.

Жеке сынақ бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер облыстық білім басқармасының грамоталармен және медальдармен (1, 2, 3 орын) марапатталады.

Командалық жалпы есеп бойынша жеңімпаздар облыстық білім басқармасының грамоталармен және кубоктармен (1, 2, 3 орын) марапатталады.

**Анықтаманы төмендегі мекен – жайдан алуға болады:** Орал қаласы, Исатай батыр көшесі 71/1, Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығы, тел/факс (8 – 7112) 52 – 59 – 42, E – mail:

E-mail: [Evrasiya.centre@yandex.kz](mailto:Evrasiya.centre@yandex.kz)

Координаторлар: Нурманов Р.Е. 8 777 671 75 46.

Қасым Н.Р. 8 705 951 49 93

## Қосымша1

Батыс Қазақстан облысы оқушыларының  
XIII қысқы Гимназиадасының облыстық кезеңіне қатысуға  
ӨТІНІШ

\_\_\_\_\_ (аудан, қала)

\_\_\_\_\_ (спорт түрі)

№	Аты, жөні (толығымен)	Туған жылы (толығымен)	Жас ерекшелігі	Спорт.разряд	Дәрігер рұқсаты
1					

Дәрігер (Аты, жөні, тегі) \_\_\_\_\_ (мөр)  
(қолы)

Команданың жетекшісі (Аты, жөні, тегі) \_\_\_\_\_  
(қолы)

Білім беру бөлімінің басшысы (Аты, жөні, тегі) \_\_\_\_\_  
(қолы)

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2026 ж.

**АСЫҚ АТУ, БЕС АСЫҚ (ұ., қ.)**  
**Команда құрамы: 3+3;+2+2+2**

№	Жасы	Қатысушылар саны	Жаттық тырушылар	Төреші	Өкіл	Команда құрамы
1	2009 - 2010 ж.т (ұ.,қ.)	3+3	2+2	2+2	2+2	12
2	2011 - 2012 ж.т (ұ.,қ.)	3+3	2+2	2+2	2+2	12

**Асық ату (ұлдар)**

Жарыста жеңімпазды анықтау 2 жеңіске дейін 3 кезеңнен тұрады. Команда құрамы 3 ойыншы. Әр кезең 15 минуттан тұрады. Тең ойын тіркелген жағдайда 2 минуттық қосымша ойын беріледі анықталмаса блиц тур форматта өткізіледі. Топтық ойындардың I орын жеңімпаздары жартылай финалға жолданады. Финалға шыққан командалар айналмалы жүйеде ойнайды.

Жеңімпазды анықтау:

- 1) жиналған ұпай саны бойынша
- 2) егер 2 команданың ұпай саны бірдей болса, онда жеке кездесу нәтижесі бойынша
- 3) егер 3 немесе одан да көп команданың ұпай саны бірдей болса, онда ең жақсы кезең айырмашылығы бойынша
- 4) егер кезеңдер айырмашылығы бірдей болса, онда бірінші сақа нәтижесімен анықталады Жеңімпазды анықтау мына кесте бойынша есепке алынады

**Бес асық (қыздар)**

Команда құрамында 3 ойыншы. Ойын жекелей Ойын 2 жеңіске дейін 3 кезеңнен тұрады, әр кезең 15 минуттан. Қажет болған жағдайда блиц форматының жеңімпазын анықтайтын екі минуттық қосымша уақыт. Топтық ойындардың I жеңімпаздары жартылай финалға жолданады. Финалға шыққан командалар айналмалы жүйеде ойнайды. Финалға шыққан командалар айналмалы жүйеде ойнайды.

Кездесу ұзақтығы 15 минут, спортшылар 12 қозғалысты орындайды, 13-ші қозғалыс ұпай жинағы.

5-6 сынып – 100 ұпай

7-8 сынып – 120 ұпай

9-11 сынып – 150 ұпай

А) Топшалар бойынша жеңімпаздарды анықтау

- 1) жиналған ұпай саны бойынша
- 2) егер 2 команданың ұпай саны бірдей болса, онда жеке кездесу нәтижесі бойынша
- 3) егер 3 немесе одан да көп команданың ұпай саны бірдей болса, матчтардағы ең жақсы айырмашылық бойынша жеңіске жетті

- 4) бірінші сақаның нәтижесі бойынша  
 Б) Жеңімпазды анықтау және келесі форматта есепке алу:

**Спорттық бағдарлау (ұ., қ.)  
 Команда құрамы: 6+6; 2+2+2**

Спорттық бағдарлау бойынша жарыстар үш қашықтықта өткізіледі: спринт, орта және командалық эстафета.

Жарысқа 2011-2012 ж.т., 2013-2014 ж.т., спортшылар жіберіледі. Жарыстарға қатысуға әр жас тобында 3 спортшыдан жіберіледі:

Ұ. Қ - , 12, яғни 6 қыз, 6 ұл.

Жарыс «СБ бойынша жарыстарды өткізу қағидаларына» сәйкес жеке командалық біріншілік ретінде өткізіледі. Жарыстың әрбір қатысушысының нәтижесі барлық 12 қатысушының қашықтықтардан өтуінің екінші, үшінші күнінің қорытындылары бойынша алынған ұпайлардың ең жоғары сомасы бойынша анықталады.

№	Жасы	Қатысушылар саны	Жаттық тырушылар	Төреші	Өкіл	Команда құрамы
1	2011 - 2012 ж.т (ұ.,қ.)	3+3	1	1	1	9
2	2013 – 2014 ж.т (ұ.,қ.)	3+3	1	1	1	9

**ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА (ұ., қ.)  
 Команда құрамы: 10+10;+4+4+2 3.2**

№	Жасы	Қатысушылар саны	Жаттық тырушылар	Төреші	Өкіл	Команда құрамы
1	U-17 (2009-2010ж.т) (ұ.,қ.)	5+5	1-1	1+1	1	15
2	U-15 (2011-2012ж.т) (ұ.,қ.)	5+5	1-1	1+1	1	15

U-17 (2009-2010 ж.т) (ұ., қ.) жарыс бағдарламасы:

Ұлдар: 100 м жүгіру, 1500 м жүгіру, ұзындыққа секіру (жүгіріп келіп)

Қыздар: 100 м жүгіру, 800 м жүгіру, ұзындыққа секіру (жүгіріп келіп)

Ұлдар мен қыздар: 4x100 м аралас эстафета

U-15 (2011-2012 ж.т) (ұ., қ.) жарыс бағдарламасы:

Ұлдар: 60 м жүгіру, 1000 м жүгіру, ұзындыққа секіру (жүгіріп келіп),

Қыздар: 60 м жүгіру, 600 м жүгіру, ұзындыққа секіру (жүгіріп келіп),

Ұлдар мен қыздар: 4x100 м аралас эстафета

Ұлдар мен қыздардың есебі жеке анықталады. (Жалпыкомандалық есеп ұлдардықы жеке қыздардықы жеке есептеледі).

**Шахмат (ұ., қ.)**  
**Команда құрамы: 12+12;+4+4+2**

№	Жасы	Қатысушылар саны	Жаттықтырушылар	Төреші	Өкіл	Команда құрамы
1	U-17 (2009-2010ж.т) (ұ.,қ.)	2+2	1	1	1	7
2	U-15 (2011-2012ж.т) (ұ.,қ.)	2+2	1	1	1	7
3	U-13 (2013-2014ж.т) (ұ.,қ.)	2+2	1	1	1	7

Жарысқа 2009-2010 ж.т., 2011-2012 ж.т., 2013-2014 ж.т. спортшылар жіберіледі.

Шахмат бойынша жарыстар осы жас топтарына сәйкес келетін шахмат халықаралық ережелері бойынша өткізіледі. (ұлдар қыздардың орнына немесе қыздар ұлдардың орнына ойнауға тыйым салынады).

Топтық ойындардың I-II орын жеңімпаздары жартылай финалға жолданады.

Барлық ойындар Халықаралық шахмат ережелеріне сәйкес өткізіледі. Әр командаға жеңіс үшін ұпай саны – 2 ұпай, тең ойын үшін – 1 ұпай, жеңіліс үшін – 0 ұпай беріледі.

Командалар саны 10-нан асса, онда Лига швейцарлық турнирдің ережесімен өтеді, егер командалар саны 10-нан кем болса, онда бұл турнир all play all ережесімен өткізіледі.

Турнирдің уақыт көрсеткіштері – 10 минут және 5 секунд әр жүріс сайын қосылады.

Гимназиаданың облыстық кезеңдерінің спорт түрлері бойынша халықаралық ережеге сай өткізіледі.

3.3 Наразылық білдіруге тек команда жетекшісі ғана құқылы. Наразылық спорттың бас төрешісіне жіберіліп, жазбаша түрде берілуі тиіс. Жарыс нәтижелеріне наразылық жарыс аяқталғаннан кейін 1 сағаттан кешіктірілмей берілуі керек. Спорт түрлері бойынша бас төреші апелляциялық шешімді Гимназиаданың Бас төрешімен ауызша келіскеннен кейін қабылдайды.

3.4. Спорт түрлерінде командалық біріншілікті айқындау кезінде екі және одан да көп командалардың ұпайлары тең болған жағдайда, міндетті спорт түрлерінде бағдарламаның жекелеген нөмірлерінде бірінші, екінші және т.б. орыннан артық иеленген командаға артықшылық беріледі.

3.5. Спорт түрлері бойынша командалық, жеке біріншілікті айқындау үшін ұпайларды есептеу кесте бойынша жүргізіледі (қосымша 3).

3.6. Командалардың орындары олар жинаған ұпайлар саны бойынша 1 – ден 20 – орынға дейін, №1 межелік бойынша анықталады.

